

**Теориялық сабақ жоспары/ Plan of the theoretical lesson/
План теоретического занятия**

Өту уақыты/Date/Дата проведения:

Пән/Subject/Дисциплина: Қазақ тілі мен әдебиеті

Курс/Course/Курс: 1

Топ/ Group/Группа : ФШ 11

Мамандық/Occupation/Специальность: «Фермер шаруашылығы»

Оқытушы/ Teacher/Преподаватель: Боздаева А.А.

Сабақтың тақырыбы/The theme of the lesson/Тема урока: «Қазақстанның астаналары. Тәуелдік жалғауы».

Сабақтың мақсаты/The aims of the lesson/Цели урока:

Білімдік /Educational/Образовательная: студенттерді астаналардың тарихымен таныстыру, сөздік қорын молайту, сөздерді сөйлесуде дұрыс байланыстырып сөйлесуге үйрету, морфологиялық талдауды білу. оқушылардың білім деңгейін көтеру, ұжымдық түрде білім алуға баулу, сөздерді өзара байланыстырып, ойды жүйелеп айту дағдысын қалыптастыру, грамматикалық тақырыптармен байланыстыра білу.

Дамытушылық/Developing/Развивающая: шығармашылық қабілеттерін дамыту, ойларын нақты, дәл жеткізе білуге, позициясын қорғай білуге дағдыландыру, сөйлеу тіліне, сөйлеу мәдениетіне көңіл бөлу, дүниетанымын кеңейту, пәнаралық байланыс арқылы пәнге қызығушылығы мен белсенділігін арттыру.

Тәрбиелік/Upbringing/Воспитательная: Отанға деген сүйіспеншілік рухында тәрбиелеу, елордамызды сүйуге, аялауға тәрбиелеу. Эстетикалық тәрбие беру.

Әдісі: баяндау, сұрақ- жауап, топпен жұмыс, іздендіру, деңгейлік тапсырмалар, ой қозғау, түсіндіру.

Көрнекілігі: Қазақстан картасы, флипчарттар, тірек сөздер, суреттер, постер, маркелер, интербелсенді тақта, сөзжұмбақ.

Пәнаралық байланыс: тарих, география, әдебиет, орыс тілі.

Барысы: I. Ұйымдастыру бөлімі. (5 мин)

- 1) Нөмірленген асықтарды қоржыннан ала отырып, топтарға бөлінеді.
- 2) "Туған жер" әнін тыңдау. Әннің тақырыбы арқылы сабақтың тақырыбына шығу.
- 3) Бағалау «Ашық журналда» жүргізіледі.

№	Аты-жөні	Сөзжұмбақ	Картамен жұмыс	«Сиқырлы сия»	Жоба қорғау	Тәуел деу	Сөздерді табу
1-топ							
1							
2							
3							
4							
5							
2-топ							
1							
2							

3							
4							
5							
3-топ							
1							
2							
3							
4							
5							
4-топ							
1							
2							
3							
4							
5							

II. Негізгі бөлім.

Үй тапсырмасын сұрау: (30 мин)

1. «Қазақстан» сөзжұмбағын шешу.

1. ҚР шектесіп жатқан мемлекет.
2. ҚР Оңтүстік өңірінде өсірілетін дақыл.
3. Жергілікті халық.
4. Дәнді дақыл.
5. Ұлттық сусын.
6. Көршілес мемлекет.
7. Астананың символы.
8. Қазақстандағы ірі қала.
9. Бас қала.

									А
			Б			Б	А	С	
		Қ	И		Р	Ә	Л	Т	
	М	А	Д		Е	Й	М	А	
Қ	А	З	А	К	С	Т	А	Н	
Ы	Қ	А	Й	Ы	Е	Е	Т	А	
Т	Т	Қ		М	Й	Р	Ы		
А	А			Ы		Е			
Й				З		К			

									9
				4			7	8	
			3			6			
	1	2				5			

Контур картада Қазақстан облыстарын белгілеу.



Көп нүктенің орнына тиісті сөзді жазындар.

Қазақстан- көп ұлтты мемлекет. Онда жүз отыздан астам ұлттар тату-тәтті өмір сүреді. Қазақстан жері бай тарихымен белгілі. Қазақстан жерінде көмір, алтын мыс сияқты пайдалы қазбалар бар. Қазақстанда, мал шаруашылықтары

Керекті сөздер : , , , темір, мұнай , бар, астық, дамыған.

Жаңа сабақ (8 мин)

1) «Астана» - парсы сөзі. Көне парсылар қалаға кірер бас қақпаны (табалдырықты) айтқан. Онда ол «киелі орын», «босаға» деген мағыналарға ие. Қазақша ол сөз елдің бас қаласы дегенді білдіреді. Қазақ даласында астана міндетін атқарған қалаларды сендер тарих сабағынан білесіңдер.



- Бүгінгі сабақтың тақырыбы: «Қазақстанның астаналары».

Бүгін біз «Қазақстанның астана тарихын 1920-ы жылдан бастап қараймыз».

Қазақстанның алғашқы астанасы – Орынбор, кейін Қызылорда, Алматы және бүгінгі астанамыз Астана қаласы.

«Қазақстан астаналары - біздің тарих, біздің тағдыр» бейнеролик.

Бейнеролик бойынша сұрақ.

Топпен жұмыс (Әр топтың басшылары асық иіру арқылы талдайтын тақырыптарын таңдайды). (25мин)

I топ Қазаққа астана болған Орынбор

Орынбор: 1920-1925

Орынбордың астана болуы

Орынбор – Ресей Федерациясындағы қала, облыс орталығы. 1735 жылы бекініс қамал ретінде қаланып, аты Ор өзенінің атына байланысты қойылған. Осы жерде ірі сауда алаңы ашылып, сауда сарайы салынды. Сауда алаңының Орынборға және

қазақ даласына қараған екі үлкен қақпасы болды. Орынбор 1868 жылдан Ресейдің Қазақстан және Орталық Азиямен арадағы ірі сауда орталығы болды. 1920 жылы 4 қазанда Орынборда Қазақ өлкесі Кеңестерінің құрылтай съезі өтіп, Қазақ АКСР-і құрылды. Оның орталығы Орынбор қаласы болды деген шешім шығады. Орынбор 1920–1925 ж.ж Қазақ АКСР-інің астанасы болды.

II топ Ақмешіт, Қызылорданың астана болуы: 1926-1929

1924 жылы Қазақ Автономиялы Әкімгершілік территориясын межелеу барысында елдің астанасын Орынбордан көшіру туралы мәселе қойылды.

Көшірілуге себеп болған негізгі мәселе – Орынбор тұрғындарының басым бөлігі орыстар болды және еліміздің бір шетінде алыс шалғайда орналасуы еді. Қазақ зиялылары астананың ауысуы төңірегінде өте қызу пікір таластырды. Бірі астана Ақтөбе болу керек десе, енді бірі Әулиеатаны (Тараз) ұсынды. Осылай бірнеше қаланың аты аталады. Әр аймақ өкілдері өзіне тартты.

Ақыры 1925 жылы Қазақ Орталық Атқару Комитеті астананы Орынбордан (Қызылорда) Ақмешітке көшіру туралы шешім шығарады. Мұндағы мақсат қала Орынбор-Ташкент теміржолының бойында орналасқандықтан. Демек, Орынбордан тез көшіруге тиімді. Екіншіден, бұл өлке қазақтың әдет-ғұрып, салты, діні, руханияты таза сақталған жер. Үшіншіден, халқының түгелге жуығы жергілікті қазақтар еді.

III топ Алматының астана болуы 1929-1997 жылдар

1925-1933 жылға дейін Қазақ мемлекетін Филипп Голощекин басқарды.

Астана Алматыға 1929 жылдың жазында көшіп келді. Климаты аса жайсыз қаладан Алатаудың төскейінде орналасқан, мәуелі бақты, саялы бұлақты Алматы астанаға лайық деп табылған. 1925 жылы астананы көшіру туралы қаулы шығады. Бірақ бұл уақытта Түркісіб темір жолының Алматыға жете қоймаған кезі еді. Теміржол 1929 жылы пайдалануға берілген. Сол жылы Қызылорда астана статусын Алматыға аманаттады.

Алматы астана мәртебесін алғаннан кейін қала экономикасы өсіп, халықтың саны артты. 1930 жылы 19-шілдеде Түркістан-Сібір теміржолы толықтай іске қосылды. Соның келуімен қалада өнеркәсіпорындары көптеп ашыла бастайды.

IV топ Астананың астана болуы 1997 жыл

1997 ж. 20 қазанда ҚР Президенті Н. Назарбаев Ақмола қаласын Қазақстан Республикасының астанасы деп жариялау туралы" жарлыққа қол қойды. 1998 жылдың 6 мамыры күні Елбасының жарлығымен ҚР-ның астанасы - Астана қаласы болып аталды, ал 20 мамырда «Қазақстан Республикасы астанасының мәртебесі туралы» ҚР-ның Заңы қабылданды. Сол жылғы 10 маусымда тәуелсіз Қазақстанның жаңа астанасының салтанатты ашылу рәсімі болып өтті.

1998 жылы ЮНЕСКО-ның шешімімен Астана қаласына «Бейбітшілік қаласы» деген жоғары атақ беріліп, медальмен марапатталды. Қала аса шапшаң қарқынмен дамып келеді және оның келешегі зор. Астана дүниежүзіне мәлім. Мұнда әлемнің талай мемлекеттерінің өкілдері бас қосып, пікір алмасып, өте маңызды шешімдер қабылдап жүр.

3) **Постер жасау** (Орынбор, Қызылорда, Алматы ,Астана)

4) **Жобаны қорғау.** (толықтыру)

5) **Грамматикалық тақырып (15 мин)**

«Менің Отаным», «Қазақстанның астанасы» деген сөз тіркестеріне сөз құрамына талдап көрейік.

В казахском языке притяжательная форма существительных показывает принадлежность предмета. (Кесте арқылы түсіндіру)

1- тапсырма. Өлке, Отан, астана, мемлекет сөздерін тәуелдеу.

2- тапсырма. Мәтіннен тәуелдік жалғаулы сөздерді тауып, теріп жазу.

III. Қорытындылау.

- «Отан» сөзіне кластер жасау.
- «Бес жолды өлең» стратегиясы. «Отан»

1. 1 зат есім
2. 2 сын есім
3. 3 етістік
4. 4 сөзді сөйлем
5. синоним

IV. Бағалау. «Ашық журналдағы» бағалар есептеліп, тиісті бағалау жүргізіледі. (7 мин)

Қолданылған әдебиеттер:

1. Н.Назарбаев, «В сердце Евразии», Астана, «Ата мұра», 2005;
2. З.Е.Кабульдинов, «История Астаны», Арман ПВ, 2005;
3. Краткий энциклопедический словарь «Казахстан», 2005;
4. С.Смаилов, Справочник школьника, Арман ПВ, 2005;
5. Ұлттық энциклопедия Қазақстан, Алматы, 1998;
6. А.Е.Күдерина «Казахский язык: базовый курс» Арман-ПВ 2007
7. З.С.Күзекова Қазақ тілі практикумы Астана 2010
8. Ш.Бектұров Қазақ тілі для всех Алматы, "Атамұра", 2004